

**э.ғ.к., А.Е. Муханова**

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университет, Қазақстан. Қызылорда

## **Тәуекелді басқару жүйесі және талдау әдістері**

Тәуекелдікті бағалау - тәуекелдік деңгейін сандық немесе сапалық анықтау болып табылады. Кәсіпкерлік тәуекелдіктің сандық және сапалық түрлерін ажырата білу маңызды.

Сапалық талдау – қарапайым болып келеді, оның басты мақсаты тәуекелдік түрлерін және белгілі бір жобаны жүзеге асыруға ықпал етуші факторларын анықтау.

Сандық талдау төмендегілер арқылы анықталады:

- а) нақты нәтиженің күтілген мәннен төмен шығу ықтималдылығы;
- б) күтпеген шығынның болу ықтималдылығымен болашақ шығынды жоспарлау[1].

Тәуекелдікті сапалық талдау жобаның сандық нәтижесін болжайды, яғни жоба тәуекелдігін сапалық талдау берілген жобаның нақты тәуекелдік түрлерін сипаттаумен және олардың пайда болуының мүмкін себептерін анықтаумен, жобаны жүзеге асыруда пайда болған тәуекелдікті азайту бойынша ұсыныстар жасаумен қатар, осы тәуекелдікті азайту бойынша шаралардың сандық құнын бағалайды.

Тәуекелдік факторлары жобаны жүзеге асыру барысында кедергі келтіретін күтпеген жағдайлар болып табылады. Мұндай факторлар шаруашылық қызметі, кәсіпкердің өз әрекеттері, жоба қызметінің нәтижесіне әсер ететін сыртқы орта жайлы мәліметтердің аздығы болуы мүмкін.

Тәуекел-менеджменттің ойдағыдай процесіне тән сипаттамалар анықталды, олар: ашықтық, өлшем дәлдігі, уақытылы сапалы ақпарат, әртараптандыру, дербестік, егжей-тегжей стратегия. Соңғы жылдары салада тәуекелдерді басқарудың арнайы механизмдері әзірленген болатын. Жүргізілген талдау тәуекелдерді басқаруды келесі жүйеге біріктіру

тәсілдемесін жасауға және әрбір элемент шектерінде топтардан тәуекел-менеджмент құралдарын жеке бөліп алуға мүмкіндік береді (Кесте 1)

Кесте 1-Тәуекелдерді басқару жүйесі

Тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтері		
Операция жүргізуден ішінара немесе толықтай бас тарту	Тәуекелдерді болжау	Ысырапты материалдық өтеу
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сенімсіз клиенттер мен әріптестерді анықтау.</li> <li>2. Тәуекелі жоғары операциялардан бас тарту.</li> <li>3. Қисынсыз ысырапқа жол бермеу.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ықтимал ысыраптың барынша көп шамасын және барынша аз шамасын алдын ала есептеу</li> <li>2. Ысыраптың ықтималдығын анықтау.</li> <li>3. Ықтимал ысыраптың уақытын есептеу.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сақтандыру.</li> <li>2. Хеджерлеу</li> <li>3. Ішкі бақылауды күшейту.</li> <li>4. Тәуекелдер мониторингін енгізу</li> </ol>
Тәуекелдерді басқару объектілері		
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қаржы тәуекелі</li> <li>2. Валюталық тәуекел</li> <li>3. Несиелік тәуекел</li> <li>4. Инвестициялық тәуекел</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өтімділік тәуекелі</li> <li>2. Операциялық тәуекел</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Пайыздық тәуекел</li> <li>2. Қор тәуекелі.</li> <li>3. Валюталық тәуекел.</li> <li>4. Несиелік тәуекел.</li> <li>5. Инвестициялық тәуекел</li> </ol>
Ескерту – Автор зерттелген әдебиет көздерінің негізінде әзірлеген		

Тәуекелдерді басқару жүйесін екі топқа: микротәуекел-менеджмент және макротәуекел-менеджментке бөледі және осы терминдерге мынадай анықтама береді: «Микротәуекел-менеджмент жүйелері – «жұмыс орны» деңгейіндегі тәуекелдерді басқару жүйелері. Макро тәуекел-менеджмент, әдетте, бүкіл институт деңгейіндегі тәуекелдерді басқару жөніндегі бірлескен шешімдер»[2].

Тәуекел-менеджмент бастапқы бақылау жүйесінен ерекшеленетін ішкі бақылау жүйесінің маңызды элементі, сондай-ақ мәмілелер мен операцияларды күнделікті бақылау, тәуекелдерді басқару, реттеу және бақылау жүйесі болып табылады.

Қазіргі кезде кәсіпорындардың тәуекелдерді басқару жүйелерін қалыптастырғанда бірқатар қиындықтармен кездеседі. Осы проблемаларды төмендегі санаттар түрінде құрылымдарға бөлуге болады:

1. Ұйымдастыру проблемалары: тәуекел-менеджментінің маңызын (пайдалылыққа баса назар аударуын, шетелдік тәжірибеге қарамастан біздің

тарихымызда сол немесе басқа тәуекелдердің ықпал ету салдарынан акционерлер залал шеккен дағдарыстардың болмағанын) жеткіліксіз түсіну;

2. Кадр проблемалары: тәуекелдерді басқару саласында білікті қызметкерлердің болмауы тәуекел-менеджменттің құрылу тиімділігін айтарлықтай төмендетеді, бұл жүргізілген мөлшерлік есептеулердің нақтылығы мен объективтілігіне әсер етеді;

3. Техникалық проблемалар нақты тарихи және талдау деректерінің болмауы немесе олардың қорытындыланбауы. Біздің экономика жағдайына бейімделген және бүкіл банк жүйесі шеңберінде салыстырма талдау жасауға мүмкіндік беретін әдістемелердің болмауы[3].

#### Тәуекелді талдаудың әдістер мен артықшылықтары

Әдістері	Артықшылықтары	Кәсіпорында қолданылуы	Басқару шаралары
Лимиттеу	Тауарларды сатуда тәуекелді төмендету	белгілі бір сомма көлемінде шығындарды лимиттеу	Несиелерді қолдана отырып, лимиттерді басқару
Өзін-өзі сақтандыру	Сақтандыру шығандарын үнемдеу	Жазатайым оқиғалардан және басқа да жағдайлардан мүліктерді сақтандыру	Интеллектуалды меншіктерді қорғау
Сақтандыру	Сақтандыру компанияларының тәуекелділігін пайдалану немесе беру		
Резервтерді құру	Тәуекелдердің теріс салдарын жеңуге мүмкіндік береді	Кәсіпорында резервтік қор құру	Шығындар түрі бойынша күтпеген шығыстарды жабуға арналған резервті айқындау
Хеджирлеу	Нарықтық конъюнктураның қолайсыз ауытқуы кезінде тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді		Бағаны есепке алу

Тәуекел-менеджмент жүйесін құру –кәсіпкерлік қызметінде кездесетін тәуекелдің барлық түріне объективтік түрде ден қою ретінде қарастыру қажет.

Сонымен бірге тәуекел-менеджменті теориясы мен оны ұйымдастырып жүргізу әдістемесін әзірлеудің де маңызы зор. Тәуекелдің алдын алу және бизнесті одан қорғау әдістемесі тұрғысынан алып қарағанда тәуекел-менеджменті

кәсіпорынның қаржылық қызметінің негізгі бағыттарының бірі (маркетингтік, бәсекелік, инновациялық және т.б. бағыттармен қатар) болып табылады.

Тәуекелдікті талдау – белгілі бір жобаны жүзеге асыруға кедергі келтіретін немесе теріс әсер ететін тәуекелдік факторларына талдау жасау болып табылады. Тәуекелдікті талдау тәуекелдікті бағалаудан, тәуекелдікті азайту тәсілдерінен немесе сонымен байланысты жағымсыз әсерлерді төмендетуден тұрады.

Тәуекелдік факторлары жобаны жүзеге асыру барысында кедергі келтіретін күтпеген жағдайлар болып табылады. Мұндай факторлар шаруашылық қызметі, кәсіпкердің өз әрекеттері, жоба қызметінің нәтижесіне әсер ететін сыртқы орта жайлы мәліметтердің аздығы болуы мүмкін.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абдрахманова А. Классическое и неоклассическое определение риска. // Аль-Пари №3 – 2006г.
2. Макаревич Л.М. Управление предпринимательскими рисками. Москва – 2006г.
3. Шапиро В.Д. Управление проектами. Санкт – Петербург, 1996г.
4. Мелкумов Я. Экономическая оценка эффективности инвестиций. Москва: ФКО «ДНС» - 1997г.
5. Маркарьян Э.А., Герасименко Г.П. Инвестиционный анализ. Москва – 2006г.